

Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі N 312 Қаулысы

Тәжікстанның оңтүстігі мен солтүстігінде 2005 жылғы маусымда болған табиғат апаты зардаптарын жою үшін Тәжікстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Тәжікстан Республикасына ізгілік көмек көрсету үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 20000 (жиырма мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты Тәжікстан Республикасының "Амонатбонк" мемлекеттік жинақ банкінде Тәжікстан, Душанбе ашылған N 20206840000132101000 арнайы банк шотына аударуды қамтамасыз етсін. Алушы - Тәжікстан Республикасы Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс министрлігі.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі